

Қ. МЫРЗАЛИЕВ ПЕН С. МӘМӘТҚҰЛОВТАР ПОЭЗИЯСЫНДА ҰЙҚАСТАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

ұйқас – барлық түркі тілдес халыктар поэзиясында өлең құрылсының негізгі элементі ретінде қарастырылады. Силлабикалық өлең жүйесінде ұйқастың рөлі тек бүгінгі күннің маңызды мәселесі емес, сондай-ақ ежелден келе жатқан өзекті такырып. Халық ауыз әдебиетінде өлең деп танылған кез келген шығарманың ұйқас-тық тәртібіне ерекше назар аударған. Бұл туралы ғалымдар да өз еңбектерінде айтып келеді. Мәселең, бұл жөнінде қазақтың ғалымы М.Жармұхамедов былай дейді: “Айтыста белгілі бір ұйқас – ыргакпен бастап, шартты турде сонымен аяқтау – ұлкен шеберлікті талап етері сөзсіз, алайда, айтысуышы ақындар оның қурделілігіне қарамастан, сол шарттылықты бастан-аяқ толық сақтап отырған” [1.50]. Ал жұмбактар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалым Шамшадин Керім жұмбактардың буын санының негізінен төрттен – он екіге дейін болатындығын айта келіп, оларда байқалатын ұйқастарға ерекше назар

аударады: “Бәрінде де (жұмбактарда –Ш. Б.) ұйқас бар. Тармақ жолдары ұйқас арқылы бірігіп тұтасстық алған. Жұмбак ішінен ұйқастың толымды, толымсыз түрлөрін кездестіреміз” [2,98].

Ұйқастардың ежелгі дәүірде кен түрде қолданылуы қазіргі күнгі поэзияда одан ері күшейді. Бүгінгі танда әр бір ақын шығармашылығында ұйқас ерекше рөл аткарады. Пікірімізге дәлел ретінде қазақ және ұйғыр халқының замандас ақындары Қ. Мырзалиев пен С. Мәмәтқұловтардың шығармаларындағы ұйқастар орнын қарастыру, салыстыру арқылы олардың ұйқастарды қолдану ерекшеліктерін айқындадық.

Зерттеу нысанасы ретінде Қ. Мырзалиевтің “Көкпар” және С.Мәмәтқұловтың “Меңрим” атты өлеңдер жинағы алынды. “Көкпар” атты жинақтағы өлең тармақтарының жалпы саны – 3226 болса, “Меңримде” – 3565 өлең жолы мәлім. Көріп тұрғанымыздай, екі жинақтағы өлең тармақтары арасын-

да елеулі алашақтық жок. Біздін бірден байқағанымыз екі ақынның да үйқастарды қолдануы әртүрлі.

Қ.Мырзалиев жинағында *ааба* тұрдегі кара өлең үйқасы негізінде жазылған тармактар жетекші орынды иелейді. Бұл үйқас негізінде 2641 өлең жолы жазылып, олар 81,8%-ды құрайды. Бұл әрине, жоғары көрсеткіш. Бірақ қара өлең үйқасының жетекші орынға ие болуы тек Қ.Мырзалиев шығармашылығына тән қасиет емес, ейткені, үйқастың бұл түрі көптеген казақ ақындарының өлеңдерінде де алдыңғы орынды алып отырады. Қара өлең үйқасы ауыз әдебиетте және жазба әдебиетте кен қолдану аясына ие. Бұл тұрдегі үлгіде жазылған өлеңнің бірінші, екінші және төртінші тармактары өз ара үйқасып келеді (*ааба*). үйқастану тәсілінен көрініп тұргандай, үшінші тармақ үйқастан тыс қалған. Қара өлең үйқасына тән бұл қасиет академик З. Ахметов еңбегінде орынды деп табылады: “үшінші тармактың үйлесімнен тыс қалуы орынды, сөйлеу интонациясын тұрлендіру үшін осы ынғайлы, төрт тармактың аяғын түгелдей бірынғай үйлестіріп бір жерге матастырып қою артықтау болар еді” [3,128]. Шынында да, егер қара өлеңнің барлық тармактары үйқасып келетін болса, үйқас мұншама кен өрісте қолданылмаған болар еді.

Сондай-ақ, үйқастың “қара өлең үйқасы” деп аталуы да тегін емес. Себебі, бұл үйқаста келген тармактардың басым көпшілігі он бір буынды өлшем негізінде жазылған. Бұл ертеден келе жат-кан дәстүр ретінде қалыптастан. “Қазақтың “Қара өлең” деп айтатын өлеңдерінің барлығы да үш бунақты 11 буыннан құралады” [4,163]. Атал-ған үйқас қара өлеңдерге ерекше сын беріп, тармактар ырғағын одан әрі қүшеткендей болады. әрине, қара өлең үйқасында жеті, сегіз буынды өлеңдер де кездеседі. Бірақ олар он бір буынды өлшем сияқты кен түрде тараптаған. Ежелгі дәуірде қара өлең үйқасы жыр негізінде шығарылған барлық үлгілерде орын алған. Бұл жөнінде Шамшадин Керім орынды пікір айтқан. Ол өз еңбегінде өлең түрінде келген жұмбактар негізінен қара өлең үлгісінде жазылғанын төмендегіше тұжырымдайды: “Алтай, башқұрт т.б. түркі халықтарының жұмбак топтамаларынан түркій буынды қара өлең формасын ұшыратады алмаймыз. Аталған өлең формасы қазақ өлеңнің жетілгендігін айғақтайдынығы теоретиктер енбектерінде анық айттылған” [2,98]. Қара өлең үйқасы басқа түркі тілдес халықтар поэзия-сымен салыстырғанда ежелгі дәуірлерден бастап сініп, келешекте де қолдану ерекшелігін жоғалтпайтын дәрежеде қалыптастан. Қ.Мырзалиев жинағында да бұл дәстүр жалғасын тапқан. Ақынның қара өлең үйқасында жа-

зылған барлық өлеңдері он бір буынды өлшемдегі өлең екендігін атап өтуге болады (100%).

үйқастың *ааба* үлгісінде жазылған өлеңдер Қ.Мырзалиев жинағындағы “Тыс” және “Астар” атты әр екі бөлім құрамында кездеседі. Яғни, “Тыс” бөліміндегі “Ауылдағы алғашқы күн”, “Арманына жеткен ауыл”, “Мамыр мен тамыр”, “Еңбек және сұлтыйк” сияқты көптеген өлеңдері байқалса, “Жасым болса келіп калды кемелге...”, “Бірте-бірте айқындалып әжімім...”, “Айта алмаймын кеткен жок деп түгім де...” атты өлеңдері “Астар” бөліміне тән.

Арулармен текстес қоқтем қылышы,
Алып ұшқан қөңілдердің күлігі.
Сыр шашпайтын тұйық жандар шешіліп,
Ашылғандай құпиялар құлышы.

(Қоқтем құдіреті)

Қ. Мирзалиев жинағында *ааба* тұрдегі бұл үйқас әр қандай тақырыптағы он бір буынды өлеңдерде кен түрде қолданылған. Яғни, ақын “Мамыр мен тамыр”, “Көктем құдіреті”, “Екі қоқтем” дегенде үйқас өлеңдерінде табиғаттың сырларын ашып берсе, “Қызығамын ғашық болған қос ғулғе...”, “Самай шашың бәрін еске салады...”, “Қызғалдаққа толған кезде көркем кар...” сияқты өлеңдерінде лирикалық сезім құшті. Өлеңдерінің қай тақырыпта жазылуына қарамастан, ақын философиялық характеристердегі өлең жолдары арқылы оқырман-қауыммен ақылласады. Ақын жинағындағы бұл ахлақий дүниенің барлығы жай және өткінші қара өлең үйқасы негізінде құрылған.

Ерекше назар аударатын жайт, Қ. Мирзалиев жинағында көп орынды иелеп отырған қара өлең үйқасы С. Мәмәткуловтың біз талдаған өлеңдер жинағында мүлдем байқалмайды. Ақын жинағында қара өлең үлгісіндегі өлеңдер жоқтың қасында. Нақтылап айтатын болсақ, он бір буынды өлшемнің 4+4+3 өрнегінде тек кана жеті өлең жазылған болса, 4+3+4, 3+4+4 тұрдегі бунақтар ырғағына салынатын өлең тармактары байқалмайды. Қара өлеңнің 4+4+3 өрнегіндегі “Мән ыава болсам”, “Йолда”, “Бәзидә”, “Телевизор” деген өлеңдер таза шалыс (*ааба*) үйқаста жазылған болса, “ғалжат”, “Кәтмәс болуп келинлар, маңа” атты шығармаларда шалыс (*ааба*) және кезекті (*аbb*) үйқастар арасында түрде келген. “Өлтүк там” ыеккідә баллада” деген дастаны болса бастан-аяқ егіз (*aab*) үйқаста жазылған.

Яқ, мән әнди чикмай башқа узитип,
Жирақ –йекін йолға сени йекінлар,
Хуш келинлар силәр маңа йол тутуп,
Кәтмәс болуп, қайтмас болуп келинлар.
(Кәтмәс болуп келинлар маңа)

Келтірілген өлең жолдары *абаб* үлгісіндегі шалыс ұйқаста жазылған. Яғни, бұл ұйқаста келген өлеңнің бірінші тармағы үшінші тармағымен, екінші тармағы төртінші тармағымен ұйқасады. Көріп тұрғанымыздай, ақын жинағындағы он бір буынды өлшемдерде шалыс ұйқас өнімді колданылған. Ақын үшін өз ой-өрісін жеткізу осы ұйқаста қолайлы сияқты. Ескерер жайт, ұйқастың бұл түрі С. Мәмәткулов жинағында негізгі орынды иелейді. Яғни, аталған ұйқас үлгісінде 2641 өлең тармағы жазылып, олар 74,1%-ды құрайды. Бұл жерден біз, Қ.

Мырзалиев пен

С. Мәмәткуловтардың талданған жинактарында бірінші орынды әртүрлі ұйқастардың орын алғанын аңғардық. Бұл арқылы олар өзара ерекшеленеді, ал екеуінің де ұқсас жері Қ. Мырзалиев та, С. Мәмәткулов та ауыз әдебиетіне тән ұйқастарды көн түрде пайдалану дәстүрін жалғастырган.

Шалыс ұйқастың тамыры қара өлең ұйқасына ұксас халық ауыз әдебиетімен байланысты. Кейбір ғалымдар тарапынан ұйқастың бұл түрі орыс поэзиясынан алынған деген асығыс айтылған пікір М. Мырзахметов еңбегінде өз шешімін табады. ғалым бірнеше факттер арқылы дәлелдеп, пікірін төмендегіше тұжырымдайды: “Қазақ поэзиясының табиғатына тән шалыс ұйқастың бастапқы элементтері қазактың өлең жолдарында, мақалмётелдерінде, тіпті сонау ортағасыр жәдігерлігі Махмұт Қашғаридың сөздігінде, жұмбак өлеңдерде яғни, әртүрлі жанрдағы шығармаларда да кездеседі. Шалыс ұйқас казак поэзиясы үшін кездесок күбылтыс емес” [5,184]. Бұл орынды айтылған пікір. Егерде шалыс ұйқас бұрын колданылмай, кейінгі уақыттарда орыс поэзиясынан байымдалған болса, онда оның дамуы бүтінгі күнде мұндан жоғары сатыға көтерілмес еді. “Абайдан бастап қазак өлеңінде екінші түрде ауысқан шалыс ұйқастың шығу төркіні де XI ғасырдан әлде кайда арыда жатыр” [5,17]. Шалыс ұйқас негізінен халық ауыз әдебиетінде басқа өлшемдерге карағанда жеті, сегіз буынды үлгілерде көн қолданылған. Қазіргі заман поэзиясында, шалыс ұйқастың қолданылу өрісі кеңейді, оның элементтерін көптеген өлеңдерде кездестіреміз. Пікірімізге С. Мәмәткуловтың қаламына сай өлең тармақтары дәлел бола алады. Яғни, бұл топқа ақынның “Йол бойида егиз дөң”, “Мүкәддәс ялған”, “Мән ъава болсам”, “Курулушчи қыз”, “Яқ, кәчүрмәймән”, “Қарикөл қозисинң монологи” сияқты көптеген өлеңдері кіреді. Шалыс ұйқас ақын жинағында 50%-ды құрайтын он бір буынды өлшемдегі өлеңдердің 41% -ында кездеседі.

Бірақ, бұл өлеңдер өлшемнің жоғарыда аталған өрнектерінде емес, 6+5 (3+3+5) түрдегі өзгеше ырғактық бунакта жазылған. Ақынның бұл топтағы өлеңдерінде шалыс ұйқасты колдануы ұтымды шыққанын атап ету керек. Шалыс ұйқас Қ. Мырзалиев жинағында екінші орында тұрады. Ақын жағынан жазылған 532 тармак 16,5%-таң. Пікірімізге “Дүние құдіреті”, “Терісқақпай”, “Жынды жігіт пен ақылды арудың айтысы”, “Бармағымнан бал ағып...”, “Ой және тыныштық”, “Ақ әлем”, “Сенбілік” сияқты өлеңдері дәлел бола алады.

Қоңіл шіркін қамығар:

Қанша өмірдің масылы
Адамның да аңы бар,
Аңының да бар асылы.

(Қоңіл шіркін қамығар...)

Қ. Мырзалиевтің біз талдаған өлеңдер жинағында *абаб* түрде ұйқасқан өлеңдердің барлығы жеті, сегіз буынды өлшем негізінде жазылған. Ақынның ауыз әдебиет үлгілерін жан-жакты үйренуде өлшемдік құрылышын ұтымды қолданғанына тағы да көз жеткіземіз.

С. Мәмәткулов жинағында екінші орында кезекті ұйқас (*абеб*) тұрады. Кезекті ұйқаста өлеңнің екінші және төртінші тармақтары ұйқасып келеді де, бірінші, үшінші тармақтар ұйқасудан тыс қалады. Академик Қ. Жұмалиев ұйқастың бұл түріне мысал келтіре отырып, пікірін төмендегіше қорытындылайды: “Кезекті ұйқас өлеңнің шумағына қарай осы ретпен келе береді. Егер өлеңнің бір шумағы 4 жолдан тұрса, онда 1–3-жолдары бос қалады, ұйқасатын 2–4-жолдары болады. Ал, шумак бірнеше жолдардан тұрса, жоғарғы тәрізді, ылғың тақ жолдары ұйқасызы қалып, жұп жолдары ұйқасып отырады” [4,182]. Ауыз әдебиетінің көптеген үлгілерінде бұл ұйқасты кездестіруге болады. С. Мәмәткулов жинағында кезекті ұйқаста келген өлең тармақтарыныңсаны 412 болып, олар 11,6% -ды құрайды.

Ойнаклан булут су сепип етти,
Күн чиқты унин кәйнидін парлап.
Көлчек-көлчек су, гоя йол көзи,
Һөр йәрдә ятар мөлдүрләп қарап.

(Сейлидә)

Ақын қаламына сай “Ериқ бойида”, “Кочида ахшам” “Киндиқ ана”; “Гүләңгүч”, “Тағдики учришиш” деген өлеңдердің барлық шумақтары аталған ұйқас негізінде жазылған. Бірақ, бұдан әр қандай өлеңнің бастағы шумақтары қайсы түрінде ұйқасқан болса, кейінгі шумақтардағы тармақтар сол түрде ұйқасу керек деген пікір туындауа кажет. Ақын кара өлең ұйқасынан бастап, кейінгі шумақтарды шалыс ұйқаска түсіруіне де болады. Бұл әрине ақын-

ның қалауына байланысты. Мұндай өзгерістік К.Мырзалиевтің талданған өлеңдерінде аз байқалға
н ы м е н
С. Мәмәтқуловтың жинағында жиі кездеседі. Ақын өлеңдерінде негізінен шалыс және кезекті үйқастардың арапасып қолданылуы **көп** байқалады. *Пікірімізге ақынның “Мәйли ғұл үзүлсун” (1=абаб қалғ. әбәб), “Жиракта сәндин жүргендә ялғуз” (4=абеб қалғ. әбәб)* “Бир чинә аш” (1=абеб қалғ. әбәб) “Пәкәт қалдурди қәлбімдә арзу” (1,2=абаб, 3=абеб), “Мәлидикі бир седә” (1,3=абаб, қалғ. әбәб) деген өлеңдері дәлел бола алады. Кезекті үйқас ақынның әр бір өлшемде жазылған өлеңдерінде кездеседі. Бұл үйқас К. Мырзалиевтің талданған өлеңдер жинағында байқалмайды. Ақын жинағында үшінші орында егіз үйқас (aa) тұрады. Бұл үйқас ақын қаламына сай 40 өлең жолында байқалады. Яғни, олар 1,3%-ды құрайды. Ақынның егіз үйқас негізінде жазылған өлең тармақтары “Тыс” атты бөлімде “Көкек айы” деген өлеңде байқалса, “Астар” бөлімінде “Шыдаймын ғой, қайтейін, өлсем де енді...”, “Көриялар кеміп қалған сияқты...” деген өлеңдерінде кездеседі.

*Көриялар кеміп қалған сияқты,
Дәриялар кеүіп қалған сияқты.
Арулардың құты қашқан сияқты,
Аруананың сүті қашқан сияқты.*

(Көриялар кеміп қалған сияқты...)

Келтірілген өлеңнің әр бір шумағы екі тармақтан тұрады. Тармақтарда үйқастық жағынан сырт қалған сез жок десекте болады. Ілеңде бұл тәртіп бастан-ақ осы түрде жалғасады. Бірінші шумакта “көриялар-дәриялар”, “кеміп-кеуіп” деген сөздер мен екінші шумакта “арулардың-аруананың”, “құты-сүті” сияқты сөздер анафора түрде келген. “Қалған сияқты, қашқан сияқты” деген сөздер қайталану арқылы алдыңғы сөздерге ерекше мән беру, назар салу үшін колданылған. ғаруз уәзінінде сөздердің мұндай қайталануы рәдиф деген наммен белгілі. Ілеңтану ғалымы А. Хамраев өз еңбегінде үйқастан басқа анафора және рәдифтік қайталанулардың өлең ыр-ғағын қүшеттептін ескертеді [6,10]. Қоріп тұрғанымыздай, өлең тармақтарының тек соңғы сөздері ғана емес, сондай-ақ, басындағы, ортасындағы сөздерде де үйқасып келуі мүмкін.

Егіз үйқас С. Мәмәтқулов жинағында үшінші орынды алады. Бұл түрде жазылған 364 өлең жолы 10,2%-ды құрайды. Ақын жинағындағы “Әлүк там њәккідә баллада”, “Бир кейната вә үч келин” атты балладалары аталған үйқас негізінде жазылған. Ата-лған бірінші баллада он бір буынды өлшемдің 4+4+3

өрнегінде жазылған болса, екінші шығармада жеті және сегіз буынды тармақтар алмасып келеді.

Жалпы қазақ және үйғыр поэзияларында үйқастың түрі толып жатыр. Мұндай үйқастық әр түрлілік Абай поэзиясымен тығыз байланысты. Абай қолданған үйқастардың жаңаша құрылымы тек қазақ поэзиясында емес, сондай-ақ үйғыр, өзбек ж.б. түркі тілдес халықтар әдебиетінде де кездеседі.

К. Мырзалиевтің “Әлген артық...”, “Сыйлай білсөң ата-баба...” (1=aaaa, қалғ. aaba) атты өлеңдерінің бірінші шумағы шұбыртпалы үйқас негізінде жазылып, қалған шумактары қара өлең үйқасына түседі. Аталған өлеңдердегі *aaaa* түрде үйлескен бұл тармақтар ақын жинағында 0,2%-ға тең.

Сыйлай білсөң ата-баба мұрасын,
Қазақтардан табылады жыр асыл.
Сол асыла косасың да бір асыл,
Улкендерден бата тілеп тұрасың.

С. Мәмәтқулов қаламына сай “Еңтимал бир нәрсө көрүнди маңа” және “Малеевка- ижатқар ейі” атты өлеңдер шумактарында үқастық байқалады. Яғни, әр екі өлеңнің бірінші шумағындағы соңғы тармақ, басқа шумактардың соңында қайталанып отырады. Одан сырт, ақынның “Мән ишәнгән тағлирим” атты өлеңнің бессінші шумағы *abab* түрінде үйқаскан.

Бирақ ňаят, ňаят –чәксиз сәйярим,
Охшаш әмес сәндә көрүнгән нәр тағ.
Бири –азгал, бири –кия, әгір йол,
Бири у четидә акқан дәрияниң –
Издәп, бурулимән йолумдин шу чағ.

Ақын шығармашылығында мұндай үйқастар арқылы жазылған 25 тармақ кездеседі (0,7%). Байқасақ, үшінші тармақ артық сияқты көрінеді. Яғни, өлеңде бұл жол болмаған болса, әдеттегі шалыс үйқас (abab) келіп шығатын еді. Бірақ, ақын үшін өз пікірін жеткізуде сол тармақ өте қажет болғандықтан, *abab* түрдегі үйқасты колдануды жөн көрген. Ақынның аталған өлеңіндегі үшінші яғни, үйқастан тыс қалған тармақ, ақынның өзге өлеңдерінде өзінің үйқастық маңызын табады. Яғни, С. Мәмәтқулов “әсләш” атты өлеңнің бірінші және он екінші шумактарында *abab* түріндегі үйқасты колданады. Бұл түрдегі тармақтар ақынның талданған өлеңдер жинағында 0,3%-ға тең. Силлабикалық өлең жүйесінде үйқастың аталған үлгілерінде жазылған өлеңдер өте сирек кездесетіндіктен, К. Жұмалиев еңбегіндегі үйқастар классификациясының құрамында қарастырылмаған [4,162].

Ақындардың аталған өлең жинақтарында үйқа-

стардың қолдану ерекшелігін талдау барысында Қ. Мырзалиевтың халық ауыз әдебиетіне төн үлгілерді шеберлікпен қолданып, өлең құрылышының дәстүрін жалғастырғанына көз жеткізсек, С. Мәмәткулов шығармашылығына ғаруз уәзіні әсерін тиғізгендігі айқындалды. Сондай-ақ, ақындар ескі үлгілер негізінде пайда болған өзгеше үйқас түрлерін де қолданған. әр екі ақынның силлабикалық өлең жүйесінде ұстаған орны ерекше.

ӘДЕБІЕТ

1. Жармұхамедов М. Айттытың даму жолдары. Алматы: ғылым, 1976. 68 б.
2. Шамишадин Керим. Қазақ жұмбағы. Алматы: Санат, 1999. 248 б.
3. Ахметов З., Шыңбаев Т. әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996. 240 б.
4. Жұмалиев Қ. әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1969. 244 б.
5. Мырзахметұлы М. Абай және шығыс. Алматы: Қазақстан, 1994. 208 б.
6. Қемраев А. Нәзәрийәвий нұқта вә бәдийй тәсөввур. Бишкек, 2002. 127 б.

Резюме

В этой статье анализируются особенности употребления видов рифмы в поэтических произведениях казахских и

уйгурских поэтов на примере творчества К. Мырзалиева и С. Маматкулова. Объектом анализа послужили поэтические сборники «Кокпар» и «Мехрим».

Summary

In the article particularities of various types of rhythms in poetic works of the Kazakh and Uyghur poets such as those by K. Myrzaliev and "Mehrim" by S. Mamatkulov are studied. The main object of the study are poetic volumes "Kokpar" and "Mehrim".